

Қызыл кітапқа енгізілген хайуанаттарды шектеп алу мүмкіндіктерін зерделеу жөніндегі ғылыми экспериментті құрылатын "Алтын-Емел" мемлекеттік ұлттық парк аумағында жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 5 желтоқсан N 1667

Қызыл кітапқа енгізілген жабайы хайуанаттарды (тұяқтыларды) республиканың жекелеген аудандарында олардың көп санға жетуі барысындағы биологиялық, морфологиялық және кариологиялық ерекшеліктерін, оларды шектеп алудың мүмкіндіктерін зерделеу жөніндегі жұмыстарды кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Экология және биологиялық ресурстар министрлігінің қарақұйрықтың биологиялық, морфологиялық және кариологиялық ерекшеліктерін, оларды шектеп алудың мүмкіндіктерін зерттеу жөніндегі ғылыми экспериментті, құрылатын "Алтын-Емел" мемлекеттік ұлттық паркінің аумағында жүргізу жөнінде Қаржы министрлігімен, Әділет министрлігімен, Ұлттық ғылым академиясымен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Экология және биологиялық ресурстар министрлігі: құрылатын "Алтын-Емел" мемлекеттік Ұлттық паркінің дирекциясына ол Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ғылыми ұйымдарымен ғылыми зерттеулерді жүргізу жөнінде шарт жасасқан соң 1997 жылға дейін жылды қоса алғанға дейін жыл сайын аталған зерттеулерді жүргізу үшін 20 қарақұйрық аулауға рұқсат берсін;

рұқсаттың пайдаланылуына қатаң бақылау орнатсын және жұмыстарды аяқтаған соң жүргізілген зерттеулердің нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар ететін болсын.

3. Ауланған хайуанаттарды (олжаны) сатудан түскен қаржы Талдықорған облысының табиғи аумағындағы ерекше қорғалатын хайуанаттар мен өсімдіктер дүниесін қорғау мақсатында пайдалану үшін, облыстық бюджетке жіберілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК